

Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру және оның қызметі қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 149 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 20 мамырда № 11097 тіркелді.

"Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 70-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру және оның қызметі қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті (В.В. Петров) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары В.К. Божкоға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ. Қасымов

Келісілді

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

_____ А. Мамытбеков

2015 жылғы 2 наурыз

Келісілді

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау және әлеуметтік

даму министрі

_____ Т. Дүйсенова

2015 жылғы 1 сәуір

Келісілді

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2015 жылғы 7 сәуір

Келісілді

Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрі

_____ Е. Ыдырысов

2015 жылғы 8 сәуір

Келісілді

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

_____ В. Школьник

2015 жылғы 16 наурыз

Келісілді

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрі

_____ А. Сәрінжіпов

2015 жылғы 18 наурыз

Келісілді

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

_____ Ә. Исекешев

2015 жылғы 20 сәуір

Келісілді

Қазақстан Республикасының

Қорғаныс министрі

_____ И. Тасмағамбетов

2015 жылғы 26 наурыз

Келісілді

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 12 наурыз

Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру және оның қызметі қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 26.12.2024 № 509 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің қызметін ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 70-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасындағы азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің негізгі міндеттерін, құрылымын және қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесі (бұдан әрі – АҚМЖ) – Қазақстан Республикасының халқын, объектілері мен аумағын төтенше жағдайлар мен әскери қақтығыстар кезінде немесе осы қақтығыстар салдарынан туындайтын қауіптерден қорғау жөніндегі жалпымемлекеттік іс-шаралар кешенін іске асыруға арналған, азаматтық қорғаудың басқару органдарының, күштері мен құралдарының жиынтығы.

Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың, ұлтаралық қақтығыстардың, діни экстремизм және терроризмнің алдын алу АҚМЖ құзыретіне кірмейді.

3. АҚМЖ негізгі міндеттері Заңның 3-бабының 1-тармағында айқындалған.

2-тарау. АҚМЖ құрамы

4. АҚМЖ аумақтық және салалық кіші жүйелерді қамтиды және олардың үш деңгейі бар: республикалық, аумақтық және объектілік.

5. АҚМЖ аумақтық кіші жүйелері қабылданған әкімшілік-аумақтық бөлініске сәйкес келеді. Әрбір аумақтық кіші жүйе ведомстволық бағынысты аумақта азаматтық қорғау іс шараларын ұйымдастыруға және жүргізуге арналған және мыналарды:

азаматтық қорғауды басқару органдарын;

басқару пункттері, кезекші – диспетчерлік қызметтерін;

консультативтік-кеңесші органдар – төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссияларын;

азаматтық қорғау күштері мен құралдарын;

эвакуациялық және эвакуациялық қабылдау комиссияларын;

байланыс, құлақтандыру және ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін қамтиды.

6. АҚМЖ салалық кіші жүйелерін азаматтық қорғау іс-шараларын орындау бойынша жұмысты ұйымдастыру үшін өз құзыреті шегінде орталық атқарушы

органдар құрады. Салалық ішкі жүйе, оның құрылымына негізделген сілтемелер мыналарды:

- азаматтық қорғауды басқару органдарын;
- басқару пункттерін;
- азаматтық қорғау күштері мен құралдарын;
- байланыс, құлақтандыру және ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін;
- кезекші-диспетчерлік қызметтерін;
- төтенше жағдайларды бақылау, бақылау және болжау қызметтерін қамтиды.

7. АҚМЖ республикалық деңгейіне мыналар:

- Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органы;
- құзыреті шегінде орталық атқарушы органдары;
- орталық мемлекеттік органдардың кезекші-диспетчерлік қызметтері;
- жағдайды байқау, бақылау және төтенше жағдайларды болжау қызметтері;
- республикалық азаматтық қорғау қызметтерін жатады.

8. АҚМЖ аумақтық деңгейіне мыналар:

- жергілікті атқарушы органдары;
- өз құзыреті шегінде салалық кіші жүйелердегі орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелері;
- азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық және ведомстволық бағынысты бөлімшелері;
- ұйымдардың кезекші-диспетчерлік қызметтері;
- жағдайды бақылау және төтенше жағдайларды болжау аумақтық қызметтерінің күштері мен құралдары жатады.

9. АҚМЖ объектілік деңгейіне мыналар: ұйымдар, ұйымдардың кезекші – диспетчерлік қызметтері (болған жағдайда), осы аумақтағы азаматтық қорғау күштері мен құралдары жатады.

10. АҚМЖ-ға басшылық Заңның 4-бабының 3-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

11. Азаматтық қорғау саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүргізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында, оның ішінде:

1) республикалық деңгейде – төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия;

2) аумақтық деңгейде – төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссиялар;

3) эвакуациялық комиссиялар – орталық және жергілікті атқарушы органдар, азаматтық қорғау бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдарда консультативтік – кеңесші органдар құрылады.

12. Азаматтық қорғау басқармасы органдарының басшылары АҚМЖ кіші жүйелері мен буындарының жұмыс істеуін басқаруды және бақылауды жүзеге асырады.

Азаматтық қорғаудың басқару органдарын орналастыру басқару пункттерінде жүзеге асырылады пайдалануға үнемі дайындықта сақталады.

13. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды бақылау, жағдайды бақылау және болжау қызметтері мыналардан тұрады:

1) командалық орталықтардың бөлімшелерін, оның ішінде сейсмологиялық байқаулардың республикалық желісін, сондай-ақ азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның сел, сырғыма және көшкін мониторингі қызметтері;

2) республикалық, облыстық, қалалық және аудандық азаматтық қорғау қызметтерінің, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың кезекші-диспетчерлік қызметтері;

3) қауіпті өндірістік объектілердің кезекші-диспетчерлік қызметтері;

4) атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органның радиациялық және ядролық қауіпсіздікті бақылау мен мемлекеттік бақылау және қадағалау қызметтері;

5) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның теңізде мұнай операцияларын жүргізуді бақылау және қадағалау қызметтері;

6) көлік саласындағы уәкілетті органның көліктің (темір жол, автомобиль, ішкі су көлігі, сауда мақсатында теңізде жүзу, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану мен азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласындағы) қауіпсіз пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын қызметтері;

7) сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыратын қызметтер;

8) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық бақылау қызметі;

9) агроөнеркәсіптік кешен және жер ресурстары саласындағы уәкілетті органның ветеринария, фитосанитария, жануарлар мен өсімдіктер карантині қызметтері;

10) қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингі, оның ішінде гидрометеорология және табиғи ортаның ластануы саласындағы, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның орман және дала өрттерінің мониторингі қызметі.

14. Төтенше жағдайларды жоюға қатысатын азаматтық қорғаныс күштері мен құралдары мыналардан:

азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдері, оның ішінде азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның авиациясынан;

авариялық-құтқару қызметтері мен азаматтық қорғау құралымдарынан (аумақтық, объектілік);

мемлекеттік және мемлекеттік емес өртке қарсы қызметің бөлімшелерінен;

ішкі істер органдарынан, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардан тартылатын күштер мен құралдарынан;

азаматтық қорғау қызметтерінен;

бақылау қызметтері, жағдайды бақылау мен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды болжаудан тұрады.

Салалық кіші жүйелердің күштері мен құралдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 486 қаулысымен бекітілген жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспарларына сәйкес тартылады.

3-тарау. АҚМЖ қызметін ұйымдастыру тәртібі

15. АҚМЖ қызметіне бейбіт және соғыс уақытында азаматтық қорғау бойынша іс-шараларды жоспарлау, әзірлеу және жүзеге асыру кіреді.

Жағдайға қарай жүйе жұмыс істеуінің үш: күнделікті қызмет, жоғары әзірлік, төтенше жағдай режимі болады.

Жағдайға байланысты АҚМЖ кіші жүйесі мен буындарының әртүрлі режимдерде бір уақытта:

1) күнделікті қызмет режимі – төтенше жағдайлардың туындау қатерінің болмауымен сипатталатын АҚМЖ-ның, оның ведомстволық бағынысты аумақтағы аумақтық және салалық кіші жүйелерінің жұмыс істеу тәртібінде жұмыс істей алады.

Күнделікті қызмет режимінде азаматтық қорғаудың басқару органдары мынадай іс-шараларды:

төтенше жағдайларды болжау;

халықты, объектілерді және аумақтарды төтенше жағдайлардан қорғау туралы ақпарат жинау, өңдеу және алмасуды;

төтенше жағдайларды жою бойынша іс-қимылдар жоспарларын әзірлеуді;

төтенше жағдайлардың алдын алу шараларын әзірлеу және іске асыруды;

азаматтық қорғаудың басқару органдары мен күштерінің іс-қимылдарын жоспарлау олардың қызметін қамтамасыз ету және дайындауды ұйымдастыруды;

халықты төтенше жағдайлардағы іс-қимылдарға даярлауды;

азаматтық қорғау саласындағы білімді насихаттауды;

төтенше жағдайларды және олардың салдарын жоюға арналған материалдық ресурстар резервтерін құру, орналастыру, сақтау және толықтыруды;

өздерінің өкілеттіктері шегінде азаматтық қорғау саласында мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүргізуді өткізеді;

2) жоғары әзірлік режимі – төтенше жағдайлар туындау қатері кезінде енгізілетін АҚМЖ, оның жекелеген кіші жүйелерінің жұмыс істеу тәртібі.

Жоғары әзірлік режимінде азаматтық қорғаудың басқару органдары мынадай іс-шараларды:

төтенше жағдайлар мен олардың салдарының туындауын болжауды;

төтенше жағдайларды жою бойынша іс-қимылдар жоспарларын түзетуді;

қажеттілік болғанда басқару пункттерінде азаматтық қорғаудың басқару органдары мен күштерінің басшылары мен лауазымды адамдарының тәулік бойы кезекшілігін енгізуді;

болжанатын төтенше жағдайлар туралы деректерді жинау, өңдеу және азаматтық қорғаудың басқару органдары мен күштеріне жіберу, мемлекеттік органдар мен халыққа олардан қорғану тәсілдері туралы хабар беруді;

төтенше жағдайлардың туындауының алдын алу және жою, олар туындаған жағдайда келтірілетін нұқсан мен шығындардың мөлшерін азайту, сондай-ақ төтенше жағдайларда объектілердің жұмыс істеу тұрақтылығын және қауіпсіздігін арттыру бойынша жедел шаралар қабылдауды;

төтенше жағдайларды және олардың салдарын жою үшін құрылған материалдық ресурстардың қажетті резервтерін толықтыруды;

қажеттілігіне қарай эвакуациялық іс-шаралар өткізеді.

3) төтенше жағдай режимі – төтенше жағдай туындағанда және оны жою кезінде енгізілетін АҚМЖ, оның жекелеген кіші жүйелерінің жұмыс істеу тәртібі.

Төтенше жағдай режимінде азаматтық қорғаудың басқару органдары мынадай іс-шараларды:

төтенше жағдайларды жою бойынша іс-қимылдар жоспарларын қолданысқа енгізу (іске асыру, орындау) және оларды түзетуді;

туындаған төтенше жағдайлардың және олардың салдарының дамуын болжауды;

төтенше жағдайлардың туындау және олардың салдары туралы орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың басшыларын, сондай-ақ халықты құлақтандыруды;

төтенше жағдайларды жою, азаматтық қорғаудың күштері мен құралдарының іс-қимылдарын жан-жақты қамтамасыз ету, оларды жүргізу барысында қоғамдық тәртіпті қорғау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен туындаған төтенше жағдайларды жою үшін ішкі істер органдарының және Ұлттық ұланның, басқа әскерлер мен әскери құралымдардың күштері мен құралдарын, қоғамдық бірлестіктер мен халықты тарту, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қолдануды;

төтенше жағдай аймағындағы жағдай және оны жою жұмыстарын жүргізу барысы туралы ақпарат жинау, талдау және алмасуды;

төтенше жағдайларды және олардың салдарын жою мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың өзара іс-қимылдарын ұйымдастыру және қолдауды;

төтенше жағдайларда халықтың тіршілігін қамтамасыз ету іс-шараларын жүргізуді өткізеді.

АҚМЖ, оның кіші жүйелерінің және буындарының жұмыс істеуінің осы немесе басқа режимін енгізу туралы шешімді нақты жағдайды ескере отырып, азаматтық

қорғау саласындағы уәкілетті орган басшылығы, аумақтық бөлімшелермен (облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың департаменттерімен, облыстық маңызы бар қалалардың басқармаларымен, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аудандық төтенше жағдайлар бөлімдерімен) келісу бойынша АҚМЖ түрлі деңгейдегі басшы органдары қабылдайды.

1-Параграф. АҚМЖ жүйесінде даярлау және оқыту

16. АҚМЖ ұйымдастыруды жетілдіру, жүйенің басқару органдарының, күштері мен құралдарының дайындығы мен дайындық деңгейін тексеру мақсатында жыл сайын оның кіші жүйелері мен буындарында оқу-жаттығулар мен жаттығулар жоспарланады және жүргізіледі.

Оқу-жаттығулар мен жаттығулардың түрі, олардың мерзімдері, ауқымы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2020 жылғы 02 шілдедегі № 494 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20990 болып тіркелген) Халыққа және азаматтық қорғау саласындағы мамандарға хабар беру, ілімді насихаттау, оқыту қағидаларына сәйкес айқындалады және оны тиісті бірінші басшылар – азаматтық қорғаныс бастықтары бекітеді.

17. Азаматтық қорғаудың басқару органдарының басшы құрамы мен мамандарын, халықты төтенше жағдайлар кезінде қорғану тәсілдеріне оқыту, сондай-ақ даярлау және қайта даярлау Заңның 46-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Қауіпті өндірістік объектілердің, сондай-ақ қауіпті өндірістік объектілердегі жұмысқа тартылатын аттестатталған, жобалау ұйымдарының мамандары, жұмыскерлерін оқыту және білімін тексеру (емтихандар) Заңның 72, 79-баптарында белгіленген тәртіпте берілген өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мамандарды, жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау құқығын беретін аттестаты болған кезде қауіпті өндірістік объектінің немесе оқу ұйымының оқу орталығында жүргізіледі.

18. Төтенше жағдайлар кезінде халықтың, қоршаған табиғи ортаның қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз етуге және шаруашылық жүргізу объектілерінің жұмыс істеуінің орнықтылығын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың іс-шараларын орындауды тиісті орталық және жергілікті атқарушы органдар төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың тұрақсыздандырушы әсерін төмендету үшін қаржылық, кредиттік-инвестициялық саясатты үйлестіру мақсатында, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жоюға дайындық мақсатында жүзеге асырады.

2-Параграф. Бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайлар кезінде халықты, мемлекеттік органдарды хабардар ету

19. Бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайлар кезінде халықты, мемлекеттік органдарды құлақтандыру тәртібі Заңның 5 бабына және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 945 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10151 болып тіркелген) Азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесін ұйымдастыру, бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайлар кезінде халықты, мемлекеттік органдарды құлақтандыру қағидаларын бекіту туралы қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

3-Параграф. Төтенше жағдайларды жоюды ұйымдастыру

20. Төтенше жағдайларды жоюға тікелей басшылықты Заңның 50-бабына сәйкес тағайындалған төтенше жағдайларды жою басшысы жүзеге асырады.

21. Төтенше жағдайларды жоюды төтенше жағдайлар пайда болған аумақтар мен объектілерде АҚМЖ аумақтық және салалық сондай-ақ объектілік кіші жүйесінің күштері мен құралдарымен жүзеге асырылады.

22. Ішкі істер органдарының, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, қоғамдық бірлестіктер мен халықтың күштері мен құралдарын тарту, Қазақстан Республикасының Қарулы күштерін төтенше жағдайларды жою үшін қолдану Заңның 52-бабына және төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспарларына (өзара іс-қимыл) сәйкес жүзеге асырылады.